



**Шалқыған біздің
жақтың көлдері бар,
Ағашты биік таулы
жерлері бар.**

**Өзен, су, көлдер
жайлап, тау қыстайтын
Меймандос, берекелі
елдері бар.**

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ТУҒАНЫНА 130 ЖЫЛ

Биыл 15 қазанда қазақ ақыны, драматург және Қазақстан Жазушылар одағының негізін қалаушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

Жазушы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданы, Ортау ауылында дүниеге келген. Сейфуллин өз өмірін жазуға арнаған. 1914 жылы оның «Өткен күн» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Сәкен Сейфуллин өмірде де, әдебиетте де белсенді күрескер ақын ретінде танылды. Оның «Асау тұлпар» өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» атты пьесалары, «Домбыра», «Экспресс», «Тұрмыс толқынында» атты поэтикалық жинақтары жарық көрген.



СӘКЕН
СЕЙФУЛЛИН
(1894-1938)

**Бидайық ауылдық
округы**



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН КІМ?

- СӘКЕН - ҮЛКЕН ЛИРИК АҚЫН
- СӘКЕН ӨЛЕҢ ЖАЗУДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН БАСТАҒАН АҚЫН
- СӘКЕННІҢ СЫР САНДЫҒЫ СҰЛУЛЫҚ СИМВОЛЫ
- СӘКЕН- АДАМГЕРШІЛІГІ МОЛ, АДАЛ ЖАНДЫ, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ҰЛЫ

СӘКЕННІҢ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1931 жылы "Қазақ әдебиетінің нұсқалары" атты бір том жинақты, 1933 жылы бір том "Батырлар жырының" жинағын, 1934 жылы Алтынсариннің өлеңдер жинағын, 1935 жылы Ақан сері, Ақмола ақындардың өлеңдерін, "Ләйлі-Мәжнүн" поэмасын бастырды. Ал негізгі зерттеу еңбегі 1932 жылы "Қазақ әдебиеті" деген атпен қалың бір том кітап болып басылады. 1933 жылы "Альбатрос", "Қызыл ат" поэмаларын, жылы "Социалистан" атты өлеңдер жинағын шығарды. Ол өзі көрген, өзі араласқан өмірден елес беретін "Біздің тұрмыс", "Сол жылдарда", "Дауыл алдында", "Жемістер" атты роман, повестерін жазуға кіріседі, олардың бірқатар тарауы газет, журналдарда, түрлі жинақтарда жарияланды. "Айша" атты повесі 1935 жылы жеке кітап болып шығады. "Қызыл сұңқарлар" пьесасын бүтіндей жөндеп, қайта жазып, ол Қазақтың мемлекеттік драма театрында қойылады. "Тар жол, тайғақ кешу" толықтырылып, 1936 жылы қайта басылды. Ал Сәкеннің бірқатар шығармасы (1927-1937 жылдар арасында) "Атаман Анненковтың азап вагонында", "Тар жолдан" (үзінді), "Советстан", "Көкшетау", "Айша", "Қызыл ат", "Жемістер" және тағы басқасы орыс тілінде басылып шықты.

1936 жылы партия мен үкімет Сәкеннің зор еңбегін айрықша бағалап, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Ақынның әдебиеттегі еңбегінің жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан жұртшылығы болып тойлады. Алайда бір жылдан кейін оның өмірі түбегейлі өзгерді...

СӘКЕННІҢ

БІЛІМ АЛУЫ

Сәкен ауыл молдасынан тіл сындырып, арабша хат танығаннан кейін орыс-қазақ мектебінде білім алды. Ал оқуды үздік бітіріп, Ақмолада приходская мектебіне түседі. Одан кейін тағы екі жылдық мектепте оқып, ары қарай Омбы педагогикалық семинариясына аттанады.

